

Теоретические положения и выводы могут быть использованы:

а) в подготовке спецкурсов и вузовских курсов по формированию художественно-творческих способностей школьников, включающих тематику по изобразительному искусству с применением новых технологий;

б) в дальнейших исследованиях по проблемам формирования художественно-творческих способностей, творческого мышления школьников;

в) при разработке программ по изобразительному искусству с применением компьютерных технологий.

Список использованной литературы

1. Адаменко, М. Компьютер для детей 8-12 лет / М. Адаменко. — М.: Майор, 2005. 128 с.
2. Аккуратова, Е. С. Дидактические условия развития мышления учащихся в художественно-конструкторской деятельности в учреждениях общего и профессионального образования: Дис. канд. пед. наук / Е. С. Аккуратова. — Чебоксары, 2004.
3. Аллахвердов, В. М. Психология искусства. Эссе о тайне эмоционального воздействия искусства / В. М. Аллахвердов. — СПб.: ДНК, 2001. - 128 с.
4. Альбом «Чувашские национальные головные уборы и украшения» / сост. З. И. Воронова. Чебоксары, 2006.
5. Андреев, В. И. Педагогика: Учеб. курс для творч. саморазвития / В. И. Андреев. — Казань: Центр инновационных технологий, 2000. - 608 с.
6. Анохин, С. Электронные библиотеки в профессиональной деятельности учителя / С. Анохин // Народное образование. — 2006. №2.
7. Блонский, П. П. Психология младшего школьника. Избранные психологические труды / П. П. Блонский. М. - Воронеж, 1997. - 576 с.
8. Богомолов, А. В. Использование компьютерных технологий для развития пространственного и художественного воображения учащихся
9. Гуружапов, В. А. Как учить детей понимать изобразительное искусство: Очерки о психологии порождения смысла произведений живописи и графики / В. А. Гуружапов. — М.: Мы и мир, 1999. 112 с.
10. Ильина, Т. В. История искусств. Западноевропейское искусство: Учеб. / Т. В. Ильина. М.: Высш. шк., 2000 - 368 с.
11. Матюшкин, А. М. Мышление, обучение, творчество / А. М. Матюшкин. М.: Воронеж: НПО «МОДЭК», 2003. -719 с.
12. Машковцев, Н. Г. В.И. Суриков / Н. Г. Машковцев. М.: Искусство, 1994.
13. Меерович, М. И. Технология творческого мышления: Практическое пособие / М. И. Меерович, Л. И. Шрагина. Минск: Харвест, 2003. — 432 с.
14. Мухина, В. С. Возрастная психология / В. С. Мухина. — М., 1977. —1. 251 с.
15. Некрасова-Каратеева, О. Л. Художественное восприятие и творчество детей в изобразительном искусстве при музее / О. Л. Некрасова-Каратеева // Восприятие изобразительного искусства школьниками. — М.: АПН СССР. — 1988. — 111 с.

Карабекова Н.Т., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранті

«СЫЗУ» САБАҒЫНДАҒЫ БІРЫҢҒАЙ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ КЕҢІСТІГІ

Мақалада сызу сабағындағы оқыту үрдісін жаңа технологиямен ұйымдастыру мәселесі қарастырылған

The article describes the trend of learning new technologies

Оқыту үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды заман талабына сай енгізу білім берушілердің парызы болып саналады. Осыған орай, оқушылардың жалпы білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар арқылы оқыту дидактикасын жасаудың маңызы өте зор. Білімденуде дидактиканы жетік меңгерген жеке

тұлғаның ой-санасы қоғамдық талаптар деңгейінде іс-қимыл көрсетіп, қиындықтар мен бөгеттерден өтуде біліктілік пен табандылықтың үлгісін танытады.

Мемлекет көздеген тактика мен стратегиясына инновациялық технологиямен білім беру мазмұны мен оқыту жолын айқындайтын, ұтымды нәтижеге жедел

қол жеткізетін тиімді әдістеме түбегейлі, толыққанды зерттелмеген, жоқтың қасы. Сондықтан оқушылардың оқу жүйесіндегі жаңа технологиялар арқылы оқытудың дидактикасы деп алынуы еңбектің мәртебелі тұсы [1,22].

«Сызу» сабағын оқыту мәселелерін зерттеу отандық педагогиканың оқыту әдістемелік жүйесін дамытады. «Сызу» сабағын инновациялық технологиямен оқыту, оны дамыту мен шындық оқыту жүйесінің салиқалы, салмақты болуына айтарлықтай нәр болып, тұлғаны тәрбиелейді. Осы тұрғыдан ғалымдардың ғылыми жұмыстары бүгінгі күннің өзекті мәселесіне арналған. Әдістеме ұғымына жан-жақты анықтама беріп, бұл зерттеу жұмысына дейінгі бағыттағы еңбек еткен ғалымдардың тұжырым-түйіндері зерделенгені аңғарылады.

XXI ғасырда білім берудің мазмұнды болуына толық мүмкіндіктер ұдайы жасалып келеді. Оқыту үдерісінің сапалы мәні әр оқушы білімнің ғылыми негізін даралық қабілетте қабылдауынан байқалады. Педагогикалық білім берудің мазмұнында (орта буын оқу орнында) бейнеленген педагогикалық зерттеулердің нәтижесі парадигманың, яғни оқыту іс-әрекетінің жаңа көзқараста білімдік жинақталған ұстанымдарында стандартқа сай оқушылар сұранымына, білім беру қызметінің сапасына байланысты нәтижені бағдарлайды [2,56].

Осындай парасатты іс-әрекетті тәжірибеде нәтижелі бағдарлауға нұсқа болатын ғылыми жұмыстарда қамтылған ғылыми-теориялық негіздер оқушылардың ғылыми-біліми еңбегін оңтайлы ұйымдастырда пәрменді іс-әрекет құру бейіміне көңіл бөлініп, оқыту қызметінің шарықтау шегі көрсетілген.

Білім мен ғылымды меңгерген тұлғаның өмір сүргіштік қорғанысы, заманның өзгерісті кезеңдерінде төзімділігі мен табандылығы, қоғамдағы мүдделерге ілесуі, өзінің әрдайым өнімді іске бағдарлауы секілді көрсеткіштері басымдықта болып келеді.

Осындай сүбелі істердің қарқынды тұрғыда жүзеге асуы мақсатында Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев халқына Жолдауында айтылған Қазақстанды әлемдік озық 50 елдің қатарына жеткізу ұстанымына сай жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау, ұлттық мәдени өрісінде халықаралық және Еуропалық тенденция негізіндегі оқыту жүйесіне көшуге

бағдарлап отыр. Бұл мақсатқа жетудің сара жолы отандық, әлемдік озық ойлы, жаңашыл, ілгерішіл ғалымдары мен қоғам қайраткерлері, кәсіби құзыретті мамандары бірыңғай инновациялық білім кеңістігін жасау және оның мәселесі ең көкейкесті де, қиындық тудыратын да шара деп есептейміз.

Жалпы білім беру оқу орындарында «Сызу» пәнін оқытудың бүгінгі күні маңызы ерекше. Бірақ, өкінішке орай, жалпы білім беру оқу орындарында оқыту іс-әрекетіне қатысты білімденудің инновациялық технологияларын ұтымды қолдану мүмкіндігі әлі де болсын төмен екенін мойындаған орынды. XXI ғасырда білім және ғылым саласындағы болып жатқан өзгерістер болашақ мамандарды даярлауда оқытушы құрамына жаңа міндеттер қойып отыр.

Соның бір дәлелі оқыту үдерісін жаңа технологиямен құру. жаңа технологиямен жалпы білім беру оқу орындарында сабақ беру іс-әрекеті кейінгі жылдары тәжірибеде сыннан өтуде.

Жалпы білім беру оқу орындарында оқыту үдерісіндегі бүгінгі күн талабын қанағаттандыру тұрғысында зерделеп қарасақ, бөлінген сағаттың тек 10 пайызына: бірінші, теориялық материалдарды сыйымды ету, ірілендіру тек оқытушы асқан шеберлігінің ұшқырлығымен орындалады. Екінші, оқушылар мен оқытушылардың үйлестірушілік және кеңесшілік жұмысына жалпы жұмыс сағатының 20 пайызы жұмсалады. Ал үшінші оқушылардың өздігінен жеке жұмысына жалпы сағаттың 70 пайызы пайдаланады. Нәтижесінде оқытушы құрамы өтілуге тиісті стандарт шегіндегі оқулықтың үлкен тарауларын модельге, үлгіге салып, оның бір үлгіге жататынын ой елегінен тұтастай өткізу арқылы сабақтың тұтас жүйесінің заңдылығын сақтауға және оның ішкі бірліктерінің ұштастығына оқушылардың көзін жеткізеді. Аталған бір оқулық материалын бір үлгі деп есептесек, үлгінің әрбір тармағының кіші құрамдарға жіктелуі модульдік түзілімдер құрауға мүмкіндік туғызады.

Сөйтіп үлгіден модульдер туыдап, әрбір жеке-жеке тақырыптардың туыс, түбірлестерінің жеке даралық сапа көрсеткіштерінің жіктемелері шығады. Зерттеу жұмыстарының ең маңызды тұсы да осы модельге және модульге мемлекеттік стандарт шегінде ұсынылған типтік бағдарлама нысанында құралған жұмыс бағдарламасын аталған талапқа сәйкестендіру болып табылады.

Жалпы бірінші беру жүйесінде білім берудің жаңа парадигмасы «оқу – қалай оқығаныңа қарай», «өзін-өзі дамыту», «өмір бойына оқу» болып өзгерді.

Жаңа жүйеде оқытушы оқушыларға өздігінен білім алудың түрлі әдістері мен жолдарын көрсете отырып, оқушылардың өз бетімен жасайтын танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болып табылады [3,51].

Жалпы бірінші беру оқу орнының жұмысының нәтижесі – білім алушылардың кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша білімдерінің сапасы, ал мамандарды даярлаудың сапасының өлшемі – мемлекеттік білім беру стандартындағы біліктілік талаптарға сәйкес анықталған теориялық дайындық деңгейі арқылы бағаланатын маманның кәсіби құзіреттілігі. Жалпы бірінші беру оқу орындарының мақсаты еңбек нарқы қажетіне сай білім алушыларды даярлау болғандықтан, бұл үдерісінің негізінде жатқан қағидалармен, оның ішінде оның басты қағидаларының бірі білім беру сапасын бақылаумен үйлеседі.

Әрі сапаны бақылау оқыту мерзімі мен оқыту мазмұнына емес, маманның кез келген еуропалық мемлекетте жұмыс істеуге даярлығына негізделеді.

Білім беру жалпы бірінші беру оқу орындарында оқу үдерісіндегі оқытушы мен оқушының өзара танымдық қызметінің деңгейлігіне бағынады. Оқытушы типтік

бағдарламаның мамандандырылған мінездемедегі көрінісімен біріктіріп, өзінің жұмыс бағдарламасын құрастырады. Дидактикалық нысанның оқу жоспары нақтыланып, блоктарға, модульге жіктеліп, оның пәніне орай баспадан жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарының бағдарламадағы көрінісін тәжірибеде қолдануға қозғаушы күш рөлін атқарады.

Жалпы бірінші беру жүйедегі оқытуға тиісті «Сызу» пәнінен оқулықтар бүгінгі жаңа технологияның талап мүддесін қанағаттандыра алмайды.

Осы тұжырымдамызды нақтылау үшін жаңа технология қағидасымен құрылған оқулықты беруді орынды деп есептеледі.

Зерттеу барысында берілген нәтижелер зерттеу мәселесін әдістемелік тұрғыда дәйектеумен, ең өнімді де ұтымды тәсілмен орнымен қолданумен, тәжірибеде негізделген жаңалығымен бекітілген жұмыстың негізгі нысанасы.

Зерттеуді көп жылдан бері сабақ беріп жүрген ұстаздар жүргізеді. Бұл қызметінен олар республикалық - халықаралық конференцияларда, педагогикалық оқуларда әдістемелік нұсқаулықтары мен құралдарын көпшілік оқытушы-профессор қауымына ұсынған.

Қорыта айтқанда, «Сызу» сабағын жаңа технологиялар арқылы оқыту жазылған еңбек әдістемелік, теориялық, тәжірибелік тұрғыда қойылатын талаптарға сай деген ойымызды білдіреміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім» беру бағдарламасы, Қазақстан мұғалімі, №3. 2000.
2. Танирбергенов М. Ж. Бейнелеу өнері сабағын оқыту арқылы оқушылардың дағдысын қалыптастыру. «Қазақстандағы этнопсихология және этнопедагогика ғылымдарының ел дамуының жаңа кезеңіндегі өзекті мәселелері» атты аймақтық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары.- Алматы.: 2007. – Б.216-219 (Ж.О. Тажбеновамен бірлестікте)
3. Чернилевский Д. В., Морозов А. В. // Креативная педагогика и психология: учебное пособие. - М.: Традиция: Академия Проект, 2004. - 560 с.

Жиенқұлқызы Д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ инженері

АВТОКЛАВТА ҚАТАЯТЫН ГАЗДЫБЕТОННАН ЖАСАЛҒАН ҚАБЫРҒАЛЫҚ ПАНЕЛЬДЕРДІ ӨНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье рассмотрены вопросы о выгодном использовании панельных газобетонных стен

The article discusses the economic side with the beneficial use of aerated concrete wall panel

Газдыбетонды қабырғалық панелдер арнайы зауыттарда дайындалады. Газдыбетон шығару жұмысты ұйымдастыру мәселесін дұрыс жолға қойылғанда және

шикізат қорлары мол жағдайда іске асырылады.

Шикізат қорлары негізінен Қарағанды облысының аумағында бар. Бұл зауыт-